



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

С моей точки зрения, социальная помощь одиноким пожилым людям в Казахстане находится в отправной точке к модернизации, так как формируется экологическое самосознание народа. Экономия средств и ресурсов делает вызов (challenge) в кризисный период пересмотреть основные принципы социальной помощи населению. Ответом (response) на который является именно акторный подход к социальной работе. Превращая одинокого пожилого человека в субъекта социальной работы, мы даем ему работу, социальное окружение, и что не маловажно, чувство самодостаточности и собственной необходимости другому человеку. С другой стороны, происходит экономия денежных ресурсов, разгрузка система социального обеспечения государства.

Список использованных источников:

1. Теория социальной работы / под ред. М.В. Фирсова, Е.Г. Студёновой – М: Академический проект, 2005 г.
2. Социальная политика и социальная работа / под ред. Е.И. Холостовой – М: “Дашков и К”, 2007 г.
3. Теория, история и методика социальной работы / под ред. П.Д. Павлѐнка – М: “Дашков и К”, 2005 г.
4. Право социального обеспечения / под ред. Е.Е. Мачульской – М: “Книжный мир”, 1999 г.
5. Организация работы органов социального обеспечения / под ред. А.Н. Савинова – М: “Форум”, 2005 г.
6. Социальная работа. Введение в профессиональную деятельность / под ред. А.А. Козлова – М: “Логос”, 2004 г.

ӘӘЖ 352.1

АУЫЛДЫҚ ЕЛДІ МЕКЕНДЕГІ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ЗОРЛЫҚ- ЗОМБЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Тәңірберген Қаракөз Ескендірқызы

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Әлеуметтік ғылымдар факультетінің 4 курс студенті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Капин Б.

Тақырыптың өзектілігі: Өркениеттің алғашқы нышанының бірі – әйел теңдігі екенін ескерсек, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен «гендерлік теңдікке» үлкен мән беріліп, еліміздің БҰҰ конвенциясына қосылғаны тегін емес. Ал ата-бабаларымыздың ертеден «қыз – елдің көркі», «жұмақтың кілті – аналардың табанының астында» деп ерекше дәріптеуі – халқымыздың әйел баласын ерекше бөліп, қоғамда айрықша орын бергенін көрсетеді.

Елбасымыздың бастамасы бойынша, Ұлттық жоспарға Гендерлік теңдік стратегиясы енгізіліп, 1998 жылдың 29 шілдесінде «Әйелдерді кемсітудің барлық түрлерін жою туралы» ұлттық комиссиясы құрылды. Ал 1999 жылдың 19 ақпанындағы ҚР Ішкі істер министрлігінің бұйрығымен республика көлемінде нәзік жандылардың қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, рухани өмірдегі белсенділігі мен қоғамдағы рөлін арттыру және олардың азаматтық құқығын, мүдделерін қорғау мақсатында «Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобы» құрылып, олар 16 жыл көлемінде жемісті қызмет етіп келеді. Қазақстан Республикасының 2009 жылы қабылданған «Тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы» заңында күш көрсету психологиялық, сексуалдық және экономикалық болып бөлінеді. Тәуелсіз сарапшылардың дерегіне сенсек, әйелдердің 30 пайызы ұрып-соғуға, 60 пайызы жыныстық зорлыққа ұшырайды екен. Еліміздегі әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат

жөніндегі ұлттық комиссияның мәліметіне сүйенсек, 2016 жылдың басында Қазақстандағы әйелдердің саны

8,6 млн. адамды құраса, олардың 1,3 пайызына қарсы қылмыс жасалған.

Бұл - құзырлы органдарға келіп түскен арыз - шағымдардың ғана көрсеткіші. [1, б.157] Ал, ауылда «жұрттан ұят болады» деген қанға сіңген қасиеттен арыла алмай, жұбайының жұдырығына бой үйретіп, көздің жасына ерік бергеннен аса алмай жүрген қанша әйел барын кім білсін?

Әйелдерге қарсы жасалған қылмыстарды талдасақ, зорлық-зомбылықтың басым бөлігі туысқандары мен күйеуі тарапынан көрсетілетіні куәландырылды. Аталған қылмыстарды жасаған тұлғаларды жинақтап қарағанда 390 жағдайда некелі жары жұдырық жұмсаған, 135 істе бірге тұратын адамы, 857 жағдайда зорлық көрсеткен әйелдердің таныстары не жақын туыстары болып шықты. [2, б.1] Осыған қарап қоғамымызда адамгершілік пен туыстық мейірімнің жойылып бара жатқанына қапаланасыз. Қазақстанда зорлық-зомбылықты екінші кезектегі мәселе ретінде қарастырады. Бұл мәселе көбіне тұрмыстық жағдайдың, отбасының экономикалық жағдайының көлеңкесінде қалып кетеді. Тұрмыстық қарым-қатынас аясындағы қылмыстардың отбасындағы ұрыс-керіс, қызғаныштан туған жанжал мен бір-бірін түсінбеушілік, шиеленіскен қарым-қатынас, психикалық аурудың асқынуы, сонымен қатар, ішімдік пайдаланған жерде бой көтеретіні белгілі. Отбасы-тұрмыстық қатынас саласы бойынша келіп түскен өтініштердің 95 пайызында зардап шегуші – әйел адамдар. Әйелдерге қарсы жасалатын қылмыстардың басты себептері: сезіктімен зәбір көрушінің бірігіп спиртті ішімдікті асыра ішуі, маскүнемдік әсерінен өзара ұрыс-керіс, жанжалдың шығуы, тұрмыс қиыншылықтарын дұрыс түсініп бірігіп шешім табу жолын білмеу, ер мен әйел адамдар арасындағы бірін-бірі жек көрушілік сезімінің басым болуы, сезіктінің әйел затына көзқарасы, моральдық және өзімшілдік сезімінің жоғары болуы, зәбір көрушінің сезіктіге заттай тәуелді болуы, әйелдердің өз құқығын дұрыс білмеуі, сақтық шараларына мән бермеулері, зәбір көруші әйел адамдардың тұрмыс тіршілігінің төмен болуы, жоғары және орта оқу орындарында, мектептерде мұғалімдер тарапынан, отбасында ата-аналар тарапынан сақтық шараларына дұрыс көңіл бөлмеуі, балаларға тәрбие беруде салғырттықтары да басты себеп болып саналады. [3, б.20-24] Әйелдерге қатысты зорлықтың шарттары мен себептерін ескере отырып, олардың алдын алу шаралары ұйымдастырылады. Мәселен, әкімшілік жауапкершілікке тарту, қорғаныс жарлығын қабылдау, алдын алу сұхбаттарын жүргізу, уақытша панаға орналастыру және құқықтық сұрақтар бойынша кеңес беру. Ерлі-зайыптылар, туысқандар, бірге тұратын адамдар арасында нәзік жандарға зорлық көрсетудің ең негізгі себебі – маскүнемдік болып табылады. Осындай жағдайларда жиі туындайтын бір мәселе бар. Ол – тұрмыста зорлық көрген әйелдер өзіне қол жұмсаған адаммен бір шаңырақтың астында тұрғылары келмейтіндігі. Заңнамаға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес, жеке тұлғаның тәртібі арнайы талаптарды қажет еткен жағдайда, тұрмыстық зорлық-зомбылық көрсеткен, әкімшілік құқық бұзған адамға зардап шегуші және оның отбасы мүшелерін қорғау үшін соттың, тұрмыстық зорлық көрсеткен адамға жеке үйде, пәтерде және басқа да панада зардап шегушімен бірге тұруға 30 күнге дейін тыйым салу құқығы бар. Ал, ақшасыз қаңғып қалғысы келмейтін әйелдердің дені қорқыныштан, болмаса, баспанасыз қалмауы үшін, түптеп келгенде, отбасы берекесін сақтап, балаларының болашағы үшін көбіне сол зорлыққа шыдауға бел байлайды. Көп жағдайда жәрдем сұрап келген жәбірленушілер іске кірісерде қазақы менталитеттен аса алмай, ойынан айнып жатады. Зорлықтан зардап шегушілердің көбісі түрлі себептерге байланысты полицияға хабарласуға асықпайды. Бірі отбасы жағдайының төмендігін ойласа, енді бірі бұл қадамы онсыз да берекесі кеткен шаңырағын одан ары шайқалтып кетер деп қауіптенеді. Ал үшіншілері араздасудың ақыры ақшасыз қалдырар, далада қалармын деген күдікпен көмек сұрамайды. Өзі мен баласына келер залал-зардабын ескермейді. Сондықтан зорлық көрген қыз келіншектер жылдан жылға көбейіп келеді. Оның алдын алу үшін қоғамда үгіт-насихат жұмыстары жаппай жүргізілуі керек. Алайда, отбасындағы зорлық-зомбылық құрбандарының көпшілігі моральдық тұрғыдағы мінеуден қорқып, құқық қорғау

органдарына шағымданудан бас тартып жатады. Күйеуінен зорлық-зомбылық көрген әйелдер көбіне жұрттан ұялып, ол жайтты жасырып қалады. Шағым түсіруге «күйеуім қысымды күшейтеді» деп қорқады. Қазақстанда зорлық-зомбылыққа қатысты ақпарат та толық емес. Көп жайт отбасының айналасында қалып қояды. Әйелдер шағым түсірмесе, полиция ешқандай әрекет жасай алмайды. Осыған сәйкес, әр аудан, ауылдарда әйелдер мен қыздар арасында әйелдердің құқықтық сауаттылығын арттырып, зорлық-зомбылықтың түрлері мен себептерін зерделеп, алдағы уақытта қылмыстық әрекеттерді болдырмау бағытында тиісті профилактикалық іс-шаралар жүргізілуі қажет. [3, б.18-20]

Жоғарыда келтірілген дәлелдер әлімжеттіктің бірсыпыра көрінісі ғана. «Бір таяқ бата, бір таяқ қате тиеді» деген сөз бар қазақта. Бекер айтылмаса керек. Себебі қара дүрсін күштің салдарынан өмірімен қош айтысып жатқандар да аз емес. Әйелдерге қарсы зорлық-зомбылық - әлем халықтарын алаңдатып отырған күрмеулі мәселе. Бұл іске Біріккен Ұлттар Ұйымының Мақсатты қоры да белсене кіріскеніне біршама уақыт болды. Әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі қозғалысты дамытып, қоғамда ізгі қатынастар орнатуға негізделген «Қазақстан дағдарыс орталықтар Одағы» 2000 жылдан бастап жұмыс жасап келеді. Еліміздегі аудандарда зорлық-зомбылыққа қатысты 20 дағдарыс орталығы бар. Орталықта зәбір көруші кез келген уақытта паналап, психологиялық және тұрмыстық, жан-жақты қолдау таба алуы керек. Алайда біздің елде мұндай мүмкіндік толыққанды шешімін таба алмай отыр. Дағдарыс орталықтарымен байланыс және жүйелі жәрдем алу жұмыстары дұрыс жолға қойылмай келеді. Орталықта 3 айдан 6 айға дейін паналауға болады. Орталық тұрмыстық зорлық-зомбылыққа, адам құқықтары мен бостандықтарына қарсы қысымға ұшыраған, діни ағымдардан зардап шеккен тұлғаларға діни, әлеуметтік-психологиялық, құқықтық кеңес беріп, оларды бейімдейді. [4, б.22]

Халқымыз қашан да нәзік жанды әйелдерді қастерлеп, шаңырақтың ұйытқысына, ырыс пен бірліктің символына балаған емес пе?! Үйдің киесі, жақсылық біткеннің діңгегі санап, нәзік жанды деп төріне шығарып, жоғары бағалаған. Сөз соңында айтарым, бірімізге – ардақты ана, бірімізге – сүйікті жар, бірімізге – аяулы апа-қарындас бола білген қыз-келіншектерімізді құрметтейік, қастерлейік, алақанымызға салып аялай білейік. Ана – өмірдің бастауы, әдемілік пен мейірімділіктің діңгегі, мемлекеттің тірегі екендігін ұмытпайық!

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. “Женщины Казахстана”. Алматы: “Мальвина”. 2000. С.157.
2. Қазақстан әйелдері – 200ж - №10, 16.
3. Насилие в отношении женщин в Казахстане. Алматы, 2000. С. 20-24, 18-20
4. Жалпы тарих және құқықтаныу – 2012ж - №1, 226.

ӨОЖ 159

БОЛАШАҚ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС МАМАНДАРЫН САПАЛЫ ДАЯРЛАУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Турманова Жанагул Егембердиевна

Еуразиялық гуманитарлық институты

Педагогика кафедрасының аға оқытушысы

Астана, Қазақстан

Қазіргі қоғам дамуында ғылым мен техниканың рөлі өсіп, кәсіби әрекеттің өзінежәнесол әрекетті атқаратын маманына қойылатын талап деңгейі жоғарлауда. Осының негізінде кез келген кәсіби маман тұлғасынан ішкі бақылауды, кәсіби әрекет пен мінез-құлықты өзіндік реттеуді жүзеге асыруды алға қояды. Бұл сол тұлғаның өзінің ішкі өміріне, өзін-өзі тәрбиелеуіне деген көңіл бөлушілікпен байланысты. Әлеуметтік жұмыс – көп